

Ж.Б.Кәріпбаев

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті***Кескіндеме өнеріндегі ұлттық тұрмыстық жанр**

Мақалада бүкіл қазақ халқының маңызды ұлттық дүниетанымы мен философиялық көзқарасы жинақталып, бейнеленді. Қазақ кескіндеме өнеріндегі ұлттық тұрмыстық жанрдың тарихи қалыптасу бағдарларын өнертанулық тұрғыдан саралау маңызды іс деп айта аламыз. Қазақ кескіндемесіндегі тұрмыстық жанрдың дамуының негізгі кезеңдері мен тенденцияларының ерекшеліктері зерттелген. Автор қазақ кескіндеме өнеріндегі тұрмыстық жанрдың қалыптасуы мен дамуының алғышарттары мен ерекшеліктерін ашып көрсеткен. Сондай-ақ ұлттық тұрмыстық жанрдың дамуындағы әр кезеңдерде еңбек еткен суретшілер шығармашылықтарының халықтық негізі анықталған. Оның нәтижесінде дәстүрлі дүниетаныммен байланысын сипаттайтын сюжет тізбектері, тақырып қатары мен мазмұндық ерекшеліктері қарастырылған.

*Кілтті сөздер:* ұлттық дүниетаным, философиялық көзқарас, өнер, ұлттық тұрмыстық жанр, өнертану, кескіндеме, дәстүр, тұрмыстық жанрдың қалыптасуы, тұрмыстық жанрдың дамуы, бейнелеу өнері.

Халқымыздың бейнелеу өнері сан ғасырлар қойнауынан бастау алады. Бүгінгі таңда оның көркемдік, мәдени-рухани, әлеуметтік тарихын, заңдылығын, ерекшелігін танып-білуде шығармашылықтың маңызы зор. Қазіргі таңда бейнелеу өнер шығармаларын мәдениеттің құрамдас элементінің негізінде айқындап, танып-білу, өнер түрлерінің озық үлгілерінде жинақтау, зерделі зерттеу аса маңызы мәселе.

Қазақстандағы тұрмыстық жанрдың пайда болуы мен дами бастауының жалпы өткелдері мен сатыларын таразылай келе, ол кезеңдегі суретшілердің туындыларындағы тұтастық, көпқырлылық, тарихилық пен әлеуметтік болып құрылған екі арнаның кіріктірілгендігін, ұлттық сипаттың айқын көріністерін, шындық өмірдің көркемдік тұрғыдан сәйкестенген нышандарын ұғынуымызға болатындығын көрсеттік. Біз қарастырып отырған тұрмыстық жанрдың ерекшеліктерін тарихи тұрғыдан ашып көрсету — ұлттық рухты, мәдениетімізді қайта жандандыру мен нығайта түсудің шарты екендігін атап өттік.

Ғасырдан ғасырға ұласып, тұрмыс-тіршілігі, көркем өнері қолөнермен байланысты болған, оюмен ойын білдірген өнерінің күрделі философиялық жүйесі бар халқымыздың дүниетанымдық категориялары тұрғысынан сол кездегі өнердің жаңа түрі — кескіндеме өнері белгілі бір қиындықтар туғызып жатса да, қылқалам шеберлеріміз бұл өнердің жаңа түрін тез арада игеріп және онымен қоса өзіндік қайталанбас қолтаңбасы бар ұлттық мектеп қалыптастырды деуге толық негіз бар.

Қазақстанның кескіндеме өнерінің қалыптасуы мен дамуындағы басты екі факторды былайша ажыратып алуға болады. 1. Экзогенді-сыртқы: орыс реалистік мектебінің тікелей әсері, әлемдік бейнелеу өнерінің жанама ықпалы т.б. Мұнда әлеуметтік, саяси, идеологиялық, тарихи факторлар да басты рөл атқарады. 2. Эндогенді-ішкі: тарихи қалыптасқан дағдылар, байырғы нышандар, ұлттық бейімделушілік пен талант т.б. Бұл психологиялық, діндік, ішкі сана-сезімнің қуаты арқылы жүзеге асып отырады.

Сонымен қатар бұл салада Қазақстанға 1920–1930 жылдар аралығында Ресей жерінен келген В.Каптерев, С.Богданов, Ю.Зайцев, Л.Литвиненко, М.Гайдукевич, Н.Крутильников, Ф.Болкоев сынды суретшілердің өзіндік әсері болғандығы анық. Олар сол кездегі қазақ жерінде кеңестік уақыт талабына сай болып жатқан өзгерістерді өздерінің шығармаларында белгілеп кетеді.

Кескіндеме өнеріндегі тұрмыстық жанрдың қалыптасуы мен дамуының алғышарттарын таразылау үшін оған әсер еткен сыртқы факторлардың бірі — еліміздегі саяси-экономикалық және мәдени-әлеуметтік өзгерістерге шолу жасай отырып, осы ықпалдастықтың айқын мысалдарын атап өтуіміз қажет. 1930–1940 жылдары социалистік индустрияландырудың өркендей түсуі, ірі өндіріс орындары мен ауыл шарушылығы өнімдерін өңдейтін зауыттар мен фабрикалардың салынуы, жеңіл өнеркәсіптің дами бастауы, ғылым мен өнердің біржақты болса да дамуы, сауатсыздықты жоюдың жалғаса түсуі, темір жолдардың салынуы т.б. өзгерістер қазақ суретшілерінің тұрмыстық жанрдағы тақырып аясын кеңейтті.

Осындай республикамыздың жас индустриалды орталықтарына арналған тақырыптар Ю.Зайцевтің диптих түрінде кескінделген «Балқаштағы түнгі құрылыс» (1935) және «Балқаштағы құрылыс» (1936), Н.Крутильниковтың «Балқаш стахановшылары» (1940), Қ.Қожықовтың «Риддер көрінісі» (1936), «Шымкент зауыты» (1937), «Түрксіб құрылысы» (1937), Ә.Қастеевтің «Түрксіб» (1932), Ә.Ысмайыловтың «Балқаш. Құрылыстағы жастар бригадасы» (1938) атты туындыларында баяндалады [1].

Экзогенді факторларға, яғни сыртқы ықпалдарға, қарамастан, қазақ кәсіби суретшілеріміздің шығармашылықтарында негізінен эндогенді фактор, яғни, халықтық ішкі сана-сезім қуаты, дәстүрлі дағдылар, ұлттық дүниетаным басты орында тұрды. Өйткені сол кездегі суретшілердің шыққан түп тамырлары нағыз халық ортасы болып табылған және олар сол ортадан әлі де қол үзе қоймаған еді. Осы кезде қазақ бейнелеу өнерінде халық арасынан талантымен көзге түсіп алға шыққан және әрқайсысы өзіндік қолтаңбаларымен ерекшеленген ұлттық қылқалам шеберлерінің шағын ортасы қалыптасады.

Бұл өнер рухындағы ортаның негізін қалаған — Ә.Қастеев, Қ.Қожықов, Ә.Ысмайыловтар өздерінің халықтық сипаттағы туындыларымен көрерменге кеңінен танылған болатын. Сонымен бірге осы уақыт өнерінде есімдері ауызға көп іліге қоймаған А.Ташбаев, Б.Сәрсенбаев сынды суретшілерді атап өтуіміз керек.

Бұлардың ішінде өзінің аса дарындылығымен көзге түскен Қ.Қожықов шығармашылығы нағыз халық шаруашылығы өмірі мен өнерінен терең түсінік береді. Шебердің композицияларындағы қолданған өзіне ғана тән декоративтік әдіс-тәсілі, түстік түзілімінің халықтық сипаты мен сол кездегі қоғамдық өмірде болып жатқан өзгерістер шындығын өткір қабылдап, өзінің қайталанбас туындыларында көрсете білуі оны нағыз халық суретшісі деңгейіне көтереді. Аталған қылқалам шеберлерінің шығармашылықтарындағы сол кездегі көркемөнер тізбегіндегі ұлттық дәстүр мен ұлттық мінез-құлық сипаты, оларды өз халқының сана сезімі мен дүниетанымының тікелей насихатшылары ретінде танытады.

Қазақ кескіндеме өнеріндегі тұрмыстық жанр аясында Ә.Қастеев шығармашылығы өзінің халықтық этномәдени сипатымен, ондағы ұлттық дүниетаным тәлім-тәрбиесі тұрғысынан болашақ ұрпаққа құнды мұралар қалдырған. Жалпы шебердің туындыларының ауқымдылығы мен шығармашылық ой ағымының кендігіне байланысты еліміздегі өнертанушы ғалымдар мен зерттеушілер арасында бүгінгі күнге дейін жалғасын тапқан танымдық дискурс алаңы қалыптасқаны белгілі.

Белгілі өнертанушы Р.Ерғалиеваның айтуынша: «Қ.Қожықов туындылары мен Ә.Қастеев, Ә.Ысмайылов шығармаларының өзіндік ерекше қасиеттерінің айқындалуы, тұтастай алғанда, бүкіл келер шақтағы қазақ бейнелеу өнерінің негізгі пішінін қалыптастыру сапасын анықтайды.

Қазақ суретшілерінің әр қырлы кескіндемелік туындыларындағы рәсімдік, салт-дәстүрлік ой-идеяларын кіріктіру ұмтылыстары көркем сөзде, ырғақта, әдет-ғұрыптарда, дәстүрлі ұлттық ойындарда, халық ауыз әдебиетінде мәнерленуі табылған тұрақты дәстүрлі стереотиптік дүниетанымға айналады». Мәселен, Ә.Қастеевтің «Киіз үйдің ішкі көрінісі» (1934) атты туындысында суретші сырттай бақылаушы ретінде қалмайды. Үй ішіндегі бұйымдармен және адам тұлғалары үлкен үйлесімдікте шешілген деп түсіндірген өнертанушы-философ Б.Байжігітов те оның ұлттық қолтаңбасын орынды байыптайды [2].

Шебердің туындыларында қарапайым еңбек адамдары, олардың күнделікті тұрмыс-тіршілігі мен алаңсыз бір сарындағы қалыптасқан бақытты өмір жайындағы көріністер анық айшықталады.

Шығармаларында бүгінгі күннің қаталдығы мен шым-шытырық қайшылықтары жоқ. Ондағының бәрі меймандос, жайбарақат кейіпте беріледі. Суретші сонымен қатар қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрпы мен туған өлкесінің бейнесіне сол уақыттағы социалистік қоғамның ықпалымен енген өзгерістерді бейнелейді. Жалпы алғанда, осы кезеңнің қылқалам шеберлеріне ұлттық мектептің негізін қалаушылары ретінде үлкен саяси салмақ түскені де рас. Өйткені олардың алдарында, біріншіден, өнердегі өз орнын табу міндеті тұрды, яғни, ол қазақ халқының ұлттық дүниетанымын, дәстүрлі сана-сезімін бейнелеу арқылы, оның қайталанбастығын айқындау болса, екіншіден, социалистік қоғамның, сол кездегі өнердің өзіне қойылған «социалистік реализм» әдістерінің қатаң талаптарын орындау үлкен сын болды.

Ә.Қастеев өзінің шығармашылығында осы екі міндетті еш ауыртпалықсыз орындап өзінің қайталанбас халықтық арнадағы қолтаңбасын таба білді. Қылқалам шеберінің шығармашылығы хақында өнертанушы Д.Шәріпова: «Ә.Қастеев қазақ кескіндеме өнерінің майталманы болғанда да,

өзінің терең тамырлы өнеріне негізделген көркемдік ойлау логикасының халықтық қасиетін сақтайды» деп атап өтеді [2].

Қылқалам шеберінің алғашқы шығармаларынан бастап-ақ туған жер табиғаты мен қарапайым халық өмірінің көріністері жайлы сүйіспеншілікпен асықпай, толыққанды баяндау сипаты өмірінің соңғы күніне дейін өзінің өзектілігін жоғалтқан емес.

Ә.Ысмайыловты қазақ кескіндемесіндегі тұңғыш кәсіби суретшілердің ішіндегі романтикалық тақырыптардың алғашқы қарлығашы десе де болады. Қылқалам шебері жайлы өнертанушы Қ.Болатбаев: «Халық суретшісі Әубәкір Ысмайылов көлемдік көркем туынды жазуда дәуір мен дәстүрге, түр мен мазмұнға толы тұжырымды ойларын ортаға сала білді», — деп баға береді. Суретші шығармашылығының негізі лирикалық-романтикалық сарындағы табиғат көрінісі мен халық эпостары тақырыптары аясын қамтиды.

Халық өмірі мен дәстүрінің түп тамырынан нәр алған шебердің шығармашылығында орын алған халық ауыз әдебиеті кейіпкерлері мен халқымыздың әдет-ғұрыптары, ұлттық ойындары мен мереке-мейрамдары ғасырдан ғасырға сабақтасқан ұлт дәстүрлерінің философиялық және дүниетанымдық маңызын көркемдік таным тұрғысынан ашып көрсетеді.

Еліміздегі ұлы үдерістерден, әрине, қазақ кескіндеме өнері ешбір шет қалған емес. Ұлы Отан соғысы жылдары еліміздің өнеріндегі ортақ тақырып — майдангерлер ерлігі мен отансүйгіштігі, жеңіс жолындағы халқымыздың тылдағы тынбай жасаған ерен еңбегі туралы болды.

Суретшілердің шығармашылығындағы үлкен орын алған майдан тақырыбы жайлы туындылар төңірегінде өнертанушы И.Рыбакова, М.Лизогубтың «Майдангерлерге сыйлық» (1942), «Тыл — майданға», «Жаңа отбасында» (1945), Л.Леонтьевтің «Майданға аттандыру» (1956), Б.Урманченің «Жеңіспен оралыңдар», О.Кужеленконың «Алматы соғыс күндері», «Майдангер әңгімесі» атты туындыларында ел басына түскен ауыр жылдар тыныс-тіршілігі бейнесін үлкен сезіммен бейнелейтінін атап өтеді [3; 45, 46]. Сол сияқты суретшілердің қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін өз пайымдауындарынан өткізіп бейнелеген туындыларында қазақ халқының дарқандығы мен меймандостығы, олардың тұрмысындағы қарапайым көріністер жылылыққа толы.

Айта кететін болсақ, ол Л.Леонтьевтің «Колхоз базары» (1940), М.Лизогубтың «Ертегі» (1958), «Халық шебері» (1961), А.Черкасскийдің «Жамбыл Жабаев пен Дина Нұрпейісова» (1955) атты туындылары қазақ халқына деген алғыс сезімінен туындаған шығармалар болып табылады [3; 45, 46].

Қазақстандағы тұрмыстық жанрдың қалыптасуындағы алғашқы қылқалам шеберлерінің шығармашылығын таразылап, олардың өз алдына бір кәсіби мектеп болып өркендей түсуі үшін әсер еткен ықпалдарды сыртқы және ішкі факторларға ажыратып көрсеттік. Сол кезеңдегі мәдени-элеуметтік өмір шындығының суретшілер назарынан тыс қалмауы, ұлттық болмыс нақыштарының да айшықталуы, кеңес заманындағы идеологиялық талаптардың да орындалуын өнер иелерінің туындылары арқылы дәйектеп көрсеттік.

Кеңес заманының өнерге қойған талабы бойынша, «пішіні ұлттық, мазмұны социалистік» деп аталған құбылыс шеңберінде ұлттық кескіндемешілеріміз халықтың рухани дәстүрлерін, ондағы рәсімдер, әдет-ғұрыптар мен салт-жоралардың дүниетанымдық маңызын барынша сюжетке салып бейнелей білді. Яғни, нақты тұрмыстық жанр көлемінде уақыт пен кеңістік аумағындағы халық өмірінің күнделікті тіршілігі мен оның ғасырлар бойы жинаған әр қырлы тәжірибесін тұтастай қамтып, осы мәселелердің астарлы мағынасы мен түйткілді тұстарын да белгілі бір деңгейде көркемдік таным құралдарымен ашып көрсетуге тырысты. Олай болса тұрмыстың кең ауқымды, әр салалы екендігіне байланысты, оны бейнелеу сәтінде де сан алуан образдар мен оқиғалардың көрініс табатындығына сай тұрмыстық жанрда нақышталған туындыларды жинақтай отыра, біз ұлттық және елімізге келген суретшілердің өзіндік көркемдік тіл ерекшелігіне әсер еткен тақырыптар мазмұны аясын шартты түрде былайша жіктеп, топтастырып көрсеттік:

- ұлттық және халқымыздың тұрмыс-тіршілігінің сәттері;
- қоғам мен адам мәнін ашып көрсету;
- идеологиялық және оның әр түрлі мазмұндағы көріністері.

Өнер иелерінің шығармашылығында өмір шындығымен тікелей астасып жатқан тұрмыстық жанрдың аясында, шеберлеріміздің бейнелеу көркемдік тіл ерекшелігінің қалыптасуына ықпал жасаған факторларды зерделеп өттік. Ондағы халықтық мінез-құлық және ұлттық түстік ерекшеліктерін, сол кездегі уақыт талабындағы социалистік реалистік тіл шеңберінде өзіндік ұлттық ішкі мазмұны мен сыртқы формасын анықтаған кескіндеме өнеріндегі бейнелеу көркемдік тілінің

калыптасуында тұрмыстық жанр аясындағы еңбек еткен суретшілердің де үлесі болғанын пайымдадық.

Бейнелеу өнерінде осы уақыттан бастап саяси «жылымық» кезеңінің әсері тиген, жаңа және өте маңызды кезең басталады. Қазақ өнерінің дамуының өн бойында тақырыптық туындылар кеңістігі үшін өзара үзіліссіз жүріп отырған күрес жалғаса түседі. Алайда нақты осы бір уақыт — жанрлық кескіндеме өнерін дамытушы өкілдердің өмір шындығына, тұрмыс-тіршілікті бейнелеуге аса қызығушылық танытып, заманауи тақырыптар төңірегін кеңінен тарқатып, өзінің өрістеуі бойынша сан алуандылық бағыттарымен ерекшеленген кезең болатын.

Бірінші кезекте суретшілердің кәсіби шеберліктері деңгейінің жоғарылауымен қатар сол шеберлікке деген талаптың күшейтілуіне және оның заманауи түсініктегі кескіндеме өнерінің тек қана кәсіби-техникалық жақтарын меңгеруімен ғана емес, сонымен бірге көркемдік таным көзқарасын, эстетикалық ойдың күш-қуатын туындыдағы әлем бейнесімен бірегейлендіре білуіне байланысты болды. Яғни, ең алдымен туындыларының мазмұнында ұлттық өнердің өзіндік ерекшелігінің нышандарымен айқындалған осы кезеңнің жанрлық кескіндемесі халық өмірі мен дүниетанымын, дәстүрлі ұлттық тағылымдарды түбегейлі, әрі тереңінен зерттеуге негізделеді.

Алайда суретшілер сюжеттік-тақырыптық туындылар жасау жолына бірден-ақ қол жеткізген жоқ, тарихи-әлеуметтік жағдайларды ескере отырып, бұл үрдіс «алғышарт — ізденіс — басталу — даму — өркендеу» тәрізді сатыларды бастан өткерді деп айта аламыз.

Сол бір тарихи кезеңде шопандардың тұрмысы, ұлттық дәстүр, олардың тіршілік әрекеті мен өмірінің қаймағы бұзылмай сақталғандықтан, бұл тақырып С.Мәмбеев шығармашылығының өзегіне айналды. Бірақ суретшіні қызықтыратын нәрсе — жай тұрмыс салты емес, сол әдет-ғұрыптың сабақтасуы, дәлірек айтсақ, соның сақталу себептері, түпкі тамыры болып табылады. Суретшіні адамдардың қарым-қатынасы мен халықтық мінез-құлықтың уақыт пен кеңістік ықпалынан тәуелсіз сұлулығы тебіренеді. Сондықтан суретшіге жанрлық шеңбер тарлық етіп, оны ұлттық нақышпен тұтас өрнектейді. «Киіз үй алдында» (1958) картинасында ол осы жанрлық меймандостық ниетті көз алдына әкеліп адамгершілік жарастылығынан ажырағысыз екендігін атап өткен көзқарастар да оның өзіндік шеберлігін толық түсінгендіктен берілген баға деп айта аламыз.

Суретшінің тұрмыстық жанр бойынша тарқатқан негізгі жұмыстары: «Тауда» (1957), «Көктем» (1964), «Киіз үйде» (1958), «Терезе алдындағы қыз» (1958), «Менің қаламда» (1960), «Шопан қызы» (1971) [3; 52, 53]. Суретшінің шығармашылығы бұл жылдарда өз заманының, халық өміріндегі өзгерістердің шежіресі қызметін атқарды. Шебердің туындыларындағы дәстүрлі қолөнермен бір әуен құратын ою-өрнекке жақын пішін құрылымы мен түстік түзілім ізденістері ешкімге ұқсамаған өзіндік стильдік шешімімен айқындалады. Оның тұрмыстық жанр саласындағы мазмұндық ерекшеліктері көңілділік пен оптимизмнің, жайма-шуақтық пен жоғары сезімділіктің, адам мұраттары мен армандарының тұңғыш түйткілдерін таба білу, әсемдік идеалды толық түсіну, әлем мен қоғамның көркемдігін тереңірек ұғынумен танылады.

1950–1960 жылдар аралығындағы өзіндік эпикалық-романтикалық сарынымен және ұлттық нақышты бейнелеуімен ерекшеленген суретшілердің бірі — М.Кенбаев тарихи сюжеттерге ден қоя отырып, ең бір тыныш, бейбіт шешімдерді таңдайды. Мысалға, «Шопан әні» (1955) шығармасында кәдімгі дағдылы көрініс табиғатпен үйлесімді бірлікте тіршілік ететін жер иесінің даңқын асырған ғажайып гимнге айналса, «Асауға құрық салу» (1957) адамның еркін өмірін, оның күш-қуаты мен ептілігін суреттейді. Суретшіні адамдардың қарым-қатынасы мен халықтық мінез-құлықтың уақыт пен кеңістік ықпалынан тәуелсіз рухы тебіренеді.

Жалпы 1950–1960 жылдар аралығындағы қылқалам шеберлерінің шығармашылықтарында алғашқы кәсіби суретшілеріміз салып кеткен дәстүр жалғасын көреміз. Ондағы шеберлеріміздің эстетикалық құндылығы жоғары деген көркем шығармаларындағы табиғат бейнесі туындының көркемдік образының шешімін поэтикаландырудың ең бір күшті құралы ретінде қолданылады. Көптеген қылқалам шеберлеріміздің шығармашылықтарында тұрмыстық жанр мен табиғат көріністерінің тығыз байланысы өнердің қайталанбас қолтаңбаларының нышаны болды.

Табиғат бейнесін мұндай кең түрде қолдану, шын мәнісінде жанрлық кескіндеменің мақсаты мен көкжиегін кеңейте түсті. Суретшілеріміз табиғат бейнесі арқылы ұлттық кескіндемеміздің негізгі тұрақты көріністерін айқындай отырып, халқының туған жер табиғаты жайлы күрделі дүниетанымдық көзқарасы мен оның күнделікті тұрмыс-тіршілігіндегі атқаратын рөлін анықтайды.

Тұрмыстық жанр аясындағы туындыларымен осы жылдар көлемінде танылған қылқалам шебері Н.Нұрмұхамедовтің шығармашылығы қазақ кескіндеме өнерінде үлкен орын алды. Суретшінің

«Қазақстан Магниткасында» (1961), «Әкем келе жатыр» (1960), «Қопабақандағы кездесу» (1963) және т.б. көптеген туындылары өз уақытының тыныс-тіршілігінен хабар береді. Оның «Әкем келе жатыр» туындысында бейнелердің нанымдылығы мен қарапайым күнделікті өмірдің лирикалық көңіл-күйі дәл көрсетіледі. Н.Нұрмұхамедовтың шығармалары нақтылығымен, байытылған түстік түзілімімен, бейнелерінің нанымдылығымен айқындалады. Ә.Жүсіповтің «Ардақты біздің аналар» (1961) деген шығармасында әр түрлі жастағы әйел кейіпкерлері бейнелеріне Отан аналары ұғымын сыйдырады.

Композицияның негізгі монументалды шешімінен қасиетті ұғым Отан-Ана бейнесіне жасалған ескерткіш ретінде қабылданады. Шебердің шығармашылығындағы негізгі орын алған қастерлі ұғымдар, ұстамды суық түстік түзілім мен байыпты, тұтас шешілген пішін құрылымдары арқылы биік мұраттардың мәңгілігін еске салады [4; 37, 38].

С.Айтбаевтың шығармашылығы тұрмыстық жанр аясында айтулы еңбектерін дүниеге әкелген болатын. Осы пікірлерімізді дәйектеу үшін С.Айтбаевтың «Бақыт» (1966), «Шопандар демалысы» (1962), «Қонақ келді» (1969) атты туындыларын талдап көрсетіп, ондағы мазмұндық және шығыс миниатюраларымен үндес жаңа пішін құрылымы мен бояу шешімінің ұлттық ерекшеліктерін сараптауға болады [4; 42].

Ш.Сариевтің туындыларындағы бүкпесіз көрінетін бір айқындық — өзі бейнелеп отырған кейіпкеріне деген суретшінің кіршіксіз сезімі. Ал суретші үшін өзі жақсы көрген қоршаған орта мен туған жердің әр қурайы ыстық. Ш.Сариевтің туындыларындағы монументалдық тұтастық суретшінің еш өлшемге сыймайтын далалықтарға тән мінезін айтып тұрғандай. «Шопан отбасы» (1969), «Балықшылар» (1971) және т.б. көптеген туындылары суретшінің шығармашылығының негізгі сипаттамасын дәлелдейді [4; 42].

Айша Ғалымбаева кескіндеме өнеріндегі декоративтік-сәнді шешімге бағытталған шығармаларымен танылады. Тұрмыстық жанр саласында, әсіресе ұлттың қонақжайлылығы мен әйелге тән нәзіктікті дүниенің тылсымдығымен, өмірдің сұлулығымен ұштастыра білген. Сондықтан оның көрсеткен шынайы өмірі бейнелеу өнерінің көркемдік таным мүмкіндігін биік шыңына дейін пайдалана білумен үйлескен деп айта аламыз. Шебердің «Дәмді шай» (1966) туындысы да ұлттық нақыштармен көмкерілген.

Композициядағы орталық жоспардағы әйел бейнесі мен ашық көкшіл және ашық жұмсақ түстік түзілім сабырлылық пен ойлылықты, тыныштық пен мейірімділікті, алаңсыздық пен адалдықты айшықтай түскенін байқай отырып, керемет үйлесімдігін көреміз.

«Дәмді шай» атты поэтикалық суретінде данагөй кейуананың бейнесі еріксіз сабырлылыққа шақырады. Оны төзім мен парасаттылықтың белгісіндей монументтік шығарма десек те болады, — деп байыптаған өнертанушылар да осындай психологизмдерді дәл аңғарғанын байқатады.

Қазақ кәсіби бейнелеу өнерінің пайда болған кезеңінен бастап ұлттық болмыс пен дүниетанымды нақыштаған кескіндеме өнеріндегі тұрмыстық жанр негізгі орын алып және бастапқы буын тұңғыш қазақ кәсіби суретшілеріміздің шығармашылығынан бастап, кейінгі буын жетпісінші жылдардағы суретшілеріміздің шығармашылығына дейін ерекше рөл атқарды.

Сондықтан тұрмыстық жанр қазақ бейнелеу өнерінде көркемдік жүйе және пішін құру мәселелерінің қалыптасып, дамуына ықпал жасаған негізгі факторлардың бірі болды.

XX ғасырдың қазақ кескіндеме өнерінде өз кескін-келбетін іздену жолдары, суретшілердің табиғат пен адам үйлесімдігіне, адам мен қоғамға деген қатынасына дәстүрлі өмірлік көзқарас негізгі тақырыптық бағыт жүйесін құруға түрткі болды. Ондағы тұрмыстық жанрда дамуын тапқан уақыт пен кеңістік аясындағы өмірлік мағлұматтарды тұтастандыру мен сараптау ұстанымдары дәстүрлі мәдениет пен халықтық дүниетанымға келіп саяды.

Осындай әлемді халықтық, ұлттық дәстүрлер тұрғысынан пайымдау кәсіби қазақ кескіндеме мектебінің негізін қалаушы қылқалам шеберлеріміз Ә.Қастеев, Қ.Қожықов, Ә.Ысмайылов шығармашылықтарынан басталады.

Ұлттық қылқалам шеберлеріміздің туындыларындағы негізгі көркемдік бейнелеу тілі орыс реалистік мектебінің ықпалымен келген реалистік бейнелеу тілі болып есептеледі. Бұл ұлттық мектептің қалыптасуындағы негізгі сыртқы факторлардың бірі болып табылады.

Қазақ кескіндеме өнеріндегі тұрмыстық жанрдың берілген жылдар (1930–1970) аралығындағы дамуы мен қалыптасуын зерттеудің түпкі мақсаттарының бірі — осы саланың әр тарихи кезеңдерде қазақ кескіндеме өнеріндегі негізгі орны мен мән-маңызын анықтап, ұлттық мектептің қалыптасуындағы басты рөл атқарғанын айқындау болды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Ергалиева Р.А.* Этнокультурные традиции в современном искусстве Казахстана. Живопись. Скульптура. — Алматы: НИЦ «Ғылым», 2002. — С. 111, 112.
- 2 *Байжігітов Б.* Бейнелеу өнерінің теориялық мәселелері. — Ақтөбе: А-Полиграфия, 2003. — 45-б.
- 3 *Шарипова Д.С.* Очерки казахского изобразительного искусства. Период становления (1930–50-е годы). — Алматы: Арда, 2008. — 120 с.
- 4 *Болатбаев К.К.* Көкжиек пен кеңістік. — Алматы: «Алматы баспа үйі» ЖШС, 2008. — 192 б.

Ж.Б.Кәріпбаев

**Национальный бытовой жанр в живописи**

В статье рассмотрены особенности национальных и философских взглядов на бытовой жанр в искусстве живописи. Основное внимание уделено направлениям исторического жанра, важности его анализа с искусствоведческой позиции. Исследованы особенности основных периодов и тенденции развития казахской живописи в бытовом жанре. Автором показаны принципы и особенности становления и развития бытового жанра в казахской живописи. Определены национальные основы в произведениях казахских художников разных периодов, работавших в бытовом жанре. Сделаны выводы по сюжетным линиям, тематическим рядам и содержательным особенностям традиционного мировоззрения в живописи.

The article describes the features of national and philosophical views on the genre in the art of painting. Emphasis is placed on the direction of the historical genre, the importance of its analysis of art position. The features of the major periods and tendencies in the development of Kazakh art in the genre. The author shows the principles and features of the formation and development of genre in Kazakh painting. Determined by national foundations in the works of Kazakh artists of different periods, which working in common genre of painting. Conclusions are on the storylines, case series and informative features in the traditional world of painting.